3. **Телефон кітабын өңдеу** тілқатысу терезесінде **Топ қосу** түймесін басыңыз. Бұл **Топты телефон кітабынан қосу** тілқатысу терезесін ашады. Топ атауын **Топ атауы** мәтін ұясына теріп, атты теріңіз немесе тілқатысу терезесінің сол жағындағы тізімнен атты таңдаңыз. Таңдалған атты **Мүшелер** жолағына көшіру үшін **Қосу** түймесін басыңыз. Топты қосуды аяқтаған кезде, **OK** түймесін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Мәліметтерді топқа қоспастан бұрын **Мәліметтер** түймесін басу арқылы контакт мәліметтерін тексере аласыз. Бұл **Мәліметтер** тілқатысу терезесін ашады. Мәліметтерді тексеріп, **OK** немесе **Болдырмау** түймесін басыңыз. Мәліметтерді бұл тілқатысу терезесінде өңдей алмайсыз.

## Аттарды телефон кітабынан жою

 **ЕСКЕРІМ:** Аттарды телефон кітабынан **Факс тапсырмасы** қойындысында кітап белгішесін нұқу немесе **Орнату** қойындысында **Телефон кітабын өңдеу** түймесін басу арқылы жоя аласыз. Аттарды **Орнату** қойындысынан жойсаңыз, осы іс рәсімінің 3-қадамына өтіңіз.

1. **HP MFP Send Fax** тілқатысу терезесіндегі **Факс алушы** астында **Факс тапсырмасы** қойындысында кітап белгішесін нұқыңыз. Бұл **Алушыларды телефон кітабынан қосу** тілқатысу терезесін ашады.

**HP MFP Send Fax** [?] [X]

Fax Job Setup

Fax To

Recipient Name: [ ] [v] [Phone Book Icon]

Fax Number: (required) [ ] [To ->]

Company Name: [ ]

Name	Number

[Add to Phone Book] [Clear Fields] [Delete]

Include With Fax

Cover Page


Notes: [ ]

Subject: [ ]

Image: [ ] [Browse]


[Send] [Cancel] [Help]

2. Алушыларды телефон кітабынан қосу тілқатысу терезесінде тізімде атты бөлектеп, Телефон кітабын өңдеу түймесін басыңыз.






3. **Телефон кітабын өңдеу** тілқатысу терезесінде жою қажет атты таңдап, **Жою** түймесін басыңыз. Жоюды **РАСТАУ** тілқатысу терезесінде растаңыз. **Иә** түймесін басу бұл жазбаны телефон кітабынан түбегейлі жояды.



## Телефон кітабындағы аттарды өңдеу


 **ЕСКЕРІМ:** Аттарды телефон кітабында **Факс тапсырмасы** қойындысында кітап белгішесін нұқу немесе **Орнату** қойындысында **Телефон кітабын өңдеу** түймесін басу өзгерте аласыз. Аттарды **Орнату** қойындысынан өңдесеңіз, осы іс рәсімінің 3-қадамына өтіңіз.

1. **HP MFP Send Fax** тілқатысу терезесіндегі **Факс алушы** астында **Факс тапсырмасы** қойындысында кітап белгішесін нұқыңыз.

**HP MFP Send Fax** [?] [X]

Fax Job Setup

Fax To

Recipient Name: [ ] [v]  Fax Recipients

Fax Number: (required) [ ] [To ->]

Company Name: [ ]

Name	Number

[Add to Phone Book] [Clear Fields] [Delete]

Include With Fax

Cover Page


Notes: [ ] [v]

Subject: [ ]


Image: [ ] [Browse]


[Send] [Cancel] [Help]

2. Алушыларды телефон кітабынан қосу тілқатысу терезесінде өңдеу қажет атты таңдап, **Телефон кітабын өңдеу** түймесін басыңыз. Бұл **Телефон кітабын өңдеу** тілқатысу терезесін ашады.



3. **Телефон кітабын өңдеу** тілқатысу терезесінде бар атты бөлектеп, **Өңдеу** түймесін басыңыз. **Телефон кітабының жазбасын өңдеу** тілқатысу терезесі ашылады және ағымдағы контакт мәліметтерін көрсетеді. Алушы атын, факс нөмірін және компания атауын қажетінше өңдеп, **ОК** түймесін басыңыз. Бұл сізді **Телефон кітабын өңдеу** тілқатысу терезесіне қайтарады.



 **ЕСКЕРІМ:** Факсты жіберместен бұрын контакт мәліметтерін сараптау үшін **Телефон кітабын өңдеу** тілқатысу терезесінде атты таңдап, **Мәліметтер** түймесін басыңыз. **Мәліметтер** тілқатысу терезесі ашылады. Мәліметтерді тексеріп, **ОК** немесе **Болдырмау** түймесін басыңыз. Мәліметтерді бұл тілқатысу терезесінде өңдей алмайсыз.

4. Өңдеп болғанда **ОК** түймесін басыңыз.

## Телефон кітабының жазбаларын үтірмен бөлінген мәндер (CSV) пішіміндегі файлға экспорттау

Контакт мәліметтерін телефон кітабынан .CSV файлына экспорттай аласыз.


1. Атттарды телефон кітабынан **Факс тапсырмасы** немесе **Орнату** қойындысынан экспорттай аласыз.
  - **Факс тапсырмасы** қойындысы: Кітап белгішесін нұқып, **Алушыларды телефон кітабынан қосу** тілқатысу терезесінде **Телефон кітабын өңдеу** түймесін басыңыз.
  - **Орнату** қойындысы: **Телефон кітабын өңдеу** түймесін басыңыз.
2. **Телефон кітабын өңдеу** тілқатысу терезесінде **Файлды сақтау түрі** тілқатысу терезесін ашу үшін **Экспорттау...** түймесін басыңыз. Экспортталған .CSV файлының жолын және файл атауын теріп, **ОК** түймесін басыңыз. Барлық ағымдағы сақталған телефон кітабының жазбалары файлға жазылады. Егер файл жолы мен атауы бұрыннан бар болса, бар .CSV файлы телефон кітабының мазмұнымен қайта жазылады.

## Телефон кітабының жазбаларын үтірмен бөлінген мәндер (CSV) пішіміндегі файлдан импорттау

Контакт мәліметтерін телефон кітабына дұрыс пішімделген .CSV файлынан импорттай аласыз. .CSV файлынан импорттау кезінде бағдарламалық құрал файлдағы бірінші жазба тақырып жазбасы деп қабылдайды, сондықтан бірінші жазбаның мазмұны импортталмайды. .CSV файлының жазбасы дұрыс пішімделмесе, бағдарлама бүкіл жазбаны қабылдамайды.

1. Атттарды телефон кітабынан **Факс тапсырмасы** немесе **Орнату** қойындысынан импорттай аласыз.
  - **Факс тапсырмасы** қойындысы: Кітап белгішесін нұқып, **Алушыларды телефон кітабынан қосу** тілқатысу терезесінде **Телефон кітабын өңдеу** түймесін басыңыз.
  - **Орнату** қойындысы: **Телефон кітабын өңдеу** түймесін басыңыз.
2. **Телефон кітабын өңдеу** тілқатысу терезесінде **Файлды ашу** тілқатысу терезесін ашу үшін **Импорттау...** түймесін басыңыз. Импорттау қажет файлды бөлектеп, **ОК** түймесін басыңыз.

3. Бөлектелген файл тексерілгеннен кейін, **Өрістерді салыстыру** тілқатысу терезесі ашылады. **Кімнен** бағанында жазбаны бөлектеңіз, одан кейін **Кімге** бағанында өрісті бөлектеңіз. **Салыстыру** түймесін басыңыз. Ат және телефон нөмірі өрістері үшін салыстыруларды таңдауыңыз керек. Компания атауы өрісіне салыстыруды көрсету міндетті емес болып табылады. Осы жерде жасалған салыстыру таңдаулары .CSV файлындағы барлық жазбаларға қолданылады.



## Дауыстық қоңыраулар және қайталаулар

Дауыстық қоңыраулар Факс әрекеті журналына қосылмайды және Т.30 есебін жасамайды. Келесі бөлімдер факс тапсырмасының қайталаулары туралы мәліметтерді береді.

### Факс қоңырауы туралы есеп

Барлық факс әрекеттері таусылғанда, факс жіберу үшін «Факс қоңыраулары туралы есеп» басып шығарылады. Ол факс тапсырмалары журналының идентификаторын көрсетеді. Түпкілікті әрекеттің нәтижесі факс қоңыраулары туралы есепте басып шығарылады.

Дауыстық қоңыраулар үшін факс қоңыраулары туралы есеп басып шығарылмайды.



**ЕСКЕРІМ:** Факс қоңыраулары туралы есеп тапсырма нөмірлерін тек түпкілікті әрекеттер үшін жасайды. Егер осы есептердің біреуі мәзірден қолмен басып шығарылса және соңғы қоңырау түпкілікті әрекет те, дауыстық қоңырау да болмаса, тапсырма нөмірі нөл болады.

### Факс әрекеті журналы

Дауыстық қоңыраулар әдепкі бойынша факс журналына қосылмайды. Факс әрекеті журналында тек соңғы әрекет көрсетіледі.

### Т.30 есебі

Дауыстық қоңыраулар Т.30 есебінің басып шығарылуына әкелмейді. Барлық қайталау әрекеттері Т.30 есебінің басып шығарылуына әкеледі.



---

## 3 Теңшеу

- [Жіберу туралы ақпаратты орнату](#)
- [Факстың сапасын орнату](#)
- [Хабарландыру параметрлерін орнату](#)
- [Мұқаба беттің ақпаратын орнату](#)
- [Алдын ала қарау параметрін орнату](#)
- [Факс драйверінің, принтердің параметрлерін орнату](#)
- [Шот ұсыну кодының теңшелімін орнату](#)

## Жіберу туралы ақпаратты орнату

Әдепкі жіберуші мәліметтері мұқабә беттерін қоса MFP Send Fax драйверін пайдалану арқылы барлық факстарға қосылады. Жіберуші мәліметтерін жеке факстар үшін **Орнату** қойындысындағы мәтін өрістерін пайдалану арқылы өзгертуге болады.



**ЕСКЕРІМ:** Барлық өзгертулерді тек ағымдағы тапсырмаға қолдану үшін, **Әдепкі параметрлер** тілқатысу терезесінен шықпастан бұрын **Әдепкі параметрлерді осы тапсырмаға қолдану** құсбелгісін қойыңыз.

- 1. Орнату** қойындысында **Әдепкі параметрлерді өзгерту** түймесін басыңыз.

2. **Әдепкі параметрлер** тілқатысу терезесіндегі **Жіберуші мәліметтері** астында әдепкі жіберуші атын, компания атауын, факс нөмірін және дауыстық телефон нөмірін теріңіз.

**Default Settings**

Sender Information

Sender Name:  Company Name:

Fax Number:  Voice Phone Number:

Fax Quality

Resolution:  Standard  Fine  Superfine

Notification

Notification:  None  This Job  On Error

Type:  Print  E-mail

E-mail Address:

Include With Fax

Cover Page


Notes:

Subject:


Image:

Preview

Show Preview Before Sending Fax  Apply Defaults to this job

 **ЕСКЕРІМ:** Орнату қойындысындағы жіберуші мәліметтерінің өрістеріндегі мәліметтер **Әдепкі параметрлер** тілқатысу терезесіндегі жіберуші мәліметтері өрістеріне жіберуші мәліметтері *бірінші рет* терілгенде жаңартылады. Әдепкі жіберуші мәліметтері кейінірек өзгертілсе, **Орнату** қойындысындағы жіберуші мәліметтерінің өрістері *жаңартылмайды*. Өзгертулер сақталады, бірақ мәліметтер тілқатысу терезесінде пайда болмайды. Жаңа мәліметтерді көрсету үшін MFP Send Fax драйверінен шығып, драйверді қайта іске қосыңыз.

3. **OK** түймесін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Әдепкі мәліметтердің барлығын бір уақытта орнату үшін факс сапасын, хабарландыруды, мұқаба бетін және алдын ала қарау параметрлерін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

## Факстың сапасын орнату

Факс сапасы параметрі MFP құралы факс жіберу үшін пайдаланатын ажыратымдылықты анықтайды. Келесілер қол жетімді сапа параметрлері болып табылады:

- **Стандартты:** 200 x 100 нүкте/дюйм (н/д)
- **Майда:** 200 x 200 н/д
- **Өте майда:** 300 x 300 н/д

### Факс сапасын орнату

1. **Орнату** қойындысында **Әдепкі параметрлерді өзгерту** түймесін басыңыз.


2. **Әдепкі параметрлер** тілқатысу терезесіндегі **Факс сапасы** астында факстар жіберу үшін әдепкі сапаны таңдаңыз.

The image shows a 'Default Settings' dialog box with the following sections:

- Sender Information:** Fields for Sender Name, Company Name, Fax Number, and Voice Phone Number.
- Fax Quality:** Resolution options:  Standard,  Fine,  Superfine.
- Notification:** Notification options:  None,  This Job,  On Error. Type options:  Print,  E-mail. E-mail Address field.
- Include With Fax:**  Cover Page. Notes, Subject, and Image fields with a Browse button.
- Preview:**  Show Preview Before Sending Fax,  Apply Defaults to this job.

Buttons at the bottom: OK, Cancel, Help.

3. **OK** түймесін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Әдепкі мәліметтердің барлығын бір уақытта орнату үшін жіберуші мәліметтерін, хабарландыруды, мұқаба бетін және алдын ала қарау параметрлерін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

## Хабарландыру параметрлерін орнату

Хабарландыру параметрлері шығасын факс күйі туралы хабарландырудың жіберілу уақыты мен әдісін анықтайды.

1. **Орнату** қойындысында **Әдепкі параметрлерді өзгерту** түймесін басыңыз.
2. **Әдепкі параметрлер** тілқатысу терезесіндегі **Хабарландыру** астында хабарландырулар алынатын уақытты таңдаңыз:
  - **Ешбір**: хабарландыру жіберілмейді.
  - **Бұл тапсырма**: хабарландыру факс жіберілгенде жіберіледі.
  - **Қате кезде**: хабарландыру қате орын алғанда жіберіледі.

**Default Settings**

Sender Information

Sender Name:  Company Name:

Fax Number:  Voice Phone Number:

Fax Quality

Resolution:  Standard  Fine  Superfine

Notification

Notification:  None  This Job  On Error

Type:  Print  E-mail

E-mail Address:

Include With Fax

Cover Page

Notes:

Subject:

Image:  Browse

Preview


Show Preview Before Sending Fax  Apply Defaults to this job

OK Cancel Help

3. Жіберу үшін хабарландыру түрін таңдау:

- **Басып шығару:** хабарландыру әдепкі принтерде басып шығарылады.
- **Электрондық пошта:** хабарландыру электрондық пошта хабарламасында жіберіледі. Электрондық пошта мекенжайын **Электрондық пошта мекенжайы** мәтін ұясына теріңіз.


---

 **ЕСКЕРІМ:** Электрондық пошта хабарландыруын алу үшін электрондық пошта функциясы MFP құралында теңшелуі тиіс.

---

**4. ОК** түймесін басыңыз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Әдепкі мәліметтердің барлығын бір уақытта орнату үшін жіберуші мәліметтерін, факс сапасын, мұқаба бетін және алдын ала қарау параметрлерін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

---

## Мұқаба беттің ақпаратын орнату

Әдепкі мұқаба бетті пайдалану арқылы факстың мұқаба бетінің көрінісін стандарттаңыз. Жазбалар, тақырып жолы және компания логотипі немесе басқа сурет үшін өрістер қол жетімді. Мұқаба беті параметрлерін жеке факс тапсырмалары үшін **Факс тапсырмасы** қойындысында өзгертуге болады.


1. **Орнату** қойындысында **Әдепкі параметрлерді өзгерту** түймесін басыңыз.
2. **Әдепкі параметрлер** тілқатысу терезесіндегі **Факске қосу** астында **Мұқаба бет (Тек жалғыз алушы)** параметрін таңдаңыз.

The screenshot shows the 'Default Settings' dialog box. The 'Include With Fax' section is highlighted with a red border. It contains a checked checkbox for 'Cover Page', a 'Notes' text area, a 'Subject' text field, and an 'Image' field with a 'Browse' button. The 'Preview' section at the bottom has two unchecked checkboxes: 'Show Preview Before Sending Fax' and 'Apply Defaults to this job'. The 'OK', 'Cancel', and 'Help' buttons are at the bottom right.


3. **Жазбалар** мәтін ұясына әдепкі жазбаларды теріңіз.
4. **Тақырып** мәтін ұясына әдепкі тақырып жолын теріңіз.
5. Кескінді мұқаба бетке қосу үшін **Қабат** түймесін басыңыз.




6. Компанияның логотипі сияқты нүктелік кескінді шолып, оны таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Нүктелік кескін мұқаба парағында сұр түс шкаласына түрлендіріледі және беттің үштен бір бөлігінің жоғарғы жағында орналасады.

7. **OK** түймесін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Өдепкі мәліметтердің барлығын бір уақытта орнату үшін жіберуші мәліметтерін, факс сапасын, хабарландыруды және алдын ала қарау параметрлерін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Мұқаба бетін көп алушы пайдаланғанда, алдын ала қарау беті мұқаба бетін тек бірінші алушы үшін көрсетеді. Дегенмен, мұқаба беті әрбір алушы үшін бөлек жіберіледі. Әрбір мұқаба бетінде тек бір алушының аты көрсетіледі.

## Алдын ала қарау параметрін орнату

Алдын ала қарау теңшелімін факс жіберілместен бұрын әрбір факс тапсырмасын автоматты түрде алдын ала қарауға орнатуға болады.

1. **Орнату** қойындысында **Әдепкі параметрлерді өзгерту** түймесін басыңыз.
2. Жіберілместен бұрын әрбір факсты автоматты түрде алдын ала қарау үшін **Әдепкі параметрлер** тілқатысу терезесіндегі **Алдын ала қарау** астында **Факс жіберместен бұрын алдын ала қарау терезесін көрсету** параметрін таңдаңыз. **Факс жіберместен бұрын алдын ала қарау терезесін көрсету** параметрі таңдалғанда, **Жіберу** түймесі **Алдын ала қарау және жіберу** түймесіне өзгереді.
3. **ОК** түймесін басыңыз.




---


**ЕСКЕРІМ:** Әдепкі мәліметтердің барлығын бір уақытта орнату үшін жіберуші мәліметтерін, факс сапасын, хабарландыруды және мұқаба беті параметрлерін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

---


## Факс драйверінің, принтердің параметрлерін орнату


1. Пуск (Бастау), Настройки (Параметрлер) түймелерін, одан кейін **Принтеры и факсы (Принтерлер мен факстар)** түймесін басыңыз.
2. **Принтеры и факсы (Принтерлер мен факстар)** терезесінде **HP MFP Send Fax** тармағын тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Printing Preferences (Басып шығару теңшелімдері)** түймесін басыңыз.
3. Әдепкі қағаз бен сапа сипаттарын орнату үшін **HP MFP Send Fax** құжатының сипаттары тілқатысу терезесінде **Қағаз/Сапа** түймесін басыңыз. Параметрлерді сақтап, тілқатысу терезесін жабу үшін **OK** түймесін басыңыз.



 **ЕСКЕРІМ:** HP MFP Send Fax құжатының сипаттары тілқатысу терезесіндегі Қосымша қойындысы MFP Send Fax драйверіне әсер ететін ешқандай мәліметтерді қамтымайды. Бұл қойынды — стандартты Windows қойындысы және оны бұл драйвер үшін жою мүмкін емес.

4. Принтердің және жабдықтардың күйін тексеру немесе енгізілген веб-серверді іске қосу үшін **Қызметтер** түймесін басыңыз. **Қызметтер** қойындысының параметрлері тек MFP Send Fax драйвері жарамды TCP/IP портқа қосылса пайда болады.



 **ЕСКЕРІМ:** Енгізілген веб-сервері туралы қосымша ақпаратты тиісті MFP пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.


5. Өдепкі параметрлерге барлық өзгертулерді сақтап, тілқатысу терезесін жабу үшін **OK** түймесін басыңыз.

## Шот ұсыну кодының теңшелімін орнату

HP MFP Send Fax факстар жібергенде төлем кодтарын пайдалануды қолдайды.

1. Басты экранда [Басқару](#) түймесіне жылжып, оны түртіңіз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
  - [Факс параметрлері](#)
  - [Факс жіберу параметрлері](#)
  - [Факс жіберу параметрлерін орнату \(Настройка отправки факсов\)](#)
  - [Төлем кодтары](#)
3. Төлем кодтарын қосу үшін [Төлем кодтарын қосу](#) мүмкіндігін түртіңіз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Төлем кодтарын өшіру үшін [Төлем кодтарын қосу](#) мүмкіндігін таңдауды болдырмаңыз, [Сақтау](#) түймесін түртіңіз, содан кейін қалған қадамдарды өткізіп жіберіңіз.

Пайдаланушыларға төлем кодтарын өңдеуге мүмкіндік беру үшін [Пайдаланушыларға төлем кодтарын өңдеуге рұқсат ету](#) мүмкіндігін таңдаңыз.

---

4. Пернетақтаны ашу үшін [Әдепкі төлем коды](#) мәтін жолағын түртіңіз.
5. Төлем кодын енгізіп, [OK](#) түймесін түртіңіз.
6. Пернетақтаны ашу үшін [Ең аз ұзындық](#) мәтін жолағын түртіңіз.
7. Төлем кодында болуы керек ең аз цифрлар санын теріңіз де, [OK](#) түймесін түртіңіз.
8. [Сақтау](#) түймешігін түртіңіз.



---

## 4 Мәселелерді шешу

- [Функционалдық қателер](#)
- [Ескерту хабарлары](#)
- [Қате туралы хабарлар](#)

# Функционалдық қателер

## Тексеру беті басып шығарылмайды

Драйверді орнату сәтті болғанын және PC Fax Send мүмкіндігінің қосылғанын анықтау үшін MFP басқару тақтасында MFP Send Fax теңшелім мәліметтерін қараңыз.

1. Басты экранда **Басқару** түймесіне жылжып, оны түртіңіз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
  - Факс параметрлері
  - Факс жіберу параметрлері
  - Факс жіберу параметрлерін орнату (Настройка отправки факсов)
  - Жалпы факс жіберу параметрлері
3. Компьютер арқылы факс жіберу құсбелгісін түртіңіз.
4. **Сақтау** түймешігін түртіңіз.

PC Fax Send мәзірде болмаса, [PC FAX SEND](#) немесе [PC Fax Send MFP басқару тақтасында](#) көрсетілмейді [75-бетте](#) бөлімін қараңыз.

## Электрондық пошта хабарландыруы ажыратылған

Электрондық пошта хабарландыруының түрі **HP MFP Send Fax** тілқатысу терезесінің **Орнату** қойындысындағы **Хабарландыру** астында ажыратылған, себебі электрондық пошта функциясы MFP құралында қосылмаған.


Электрондық пошта функциясын теңшеу туралы нұсқауларды пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

MFP құралында электрондық пошта мүмкіндігін қосқаннан кейін **HP MFP Send Fax** параметрлерін жаңартыңыз.

1. **Пуск (Бастау), Настройки (Параметрлер)** түймелерін, одан кейін **Принтеры и факсы (Принтерлер мен факстар)** түймесін басыңыз.
2. **Принтеры и факсы (Принтерлер мен факстар)** терезесіндегі **Printer Tasks (Принтер тапсырмалары)** астында MFP құралының атауын тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Properties (Сипаттар)** параметрін таңдаңыз.
3. **HP MFP Send Fax** сипаттары тілқатысу терезесінде **Құрылғы параметрлері** түймесін басыңыз.



4. Автоматты түрде теңшеу ашылмалы мәзірінен **Қазір жаңарту** параметрін таңдаңыз.



5. **OK** түймесін басыңыз.

## Электрондық пошта растауы алынбады

Факс қабылдау құрылғысы жауап бермесе немесе бос емес болса, не болмаса MFP құралында теңшелген қайта терулер санына жетпесе, ешқандай электрондық пошта растауы жіберілмейді. MFP қайта терулердің теңшелген санына жеткеннен кейін растау хабарландыруы жіберіледі.

## PC FAX SEND немесе PC Fax Send MFP басқару тақтасында көрсетілмейді

**PC FAX SEND** немесе **PC Fax Send** тармағы MFP басқару тақтасында MFP Send Fax драйверін орнатқаннан кейін пайда болмайды.

Енгізілген бағдарламалық құрал қашықтағы енгізілген бағдарламалық құрал жаңартулары (RFU) деп аталатын бумаларға жинақталады. Бұл бумаларда MFP құралы үшін және MFP құралында орналасқан басқа ішкі жүйелер үшін енгізілген бағдарламалық құрал жаңартуларын қамтиды. RFU бумасы MFP құралына жіберілгенде, MFP жеке енгізілген бағдарламалық құрал

жаңартуларын өзінің басқа ішкі жүйелеріне жібереді. Кейде бұл жаңартулардың барлығы бірдей уақытта орын алмайды.

Енгізілген бағдарламалық құрал жаңартуын аяқтау:

1. MFP енгізілген бағдарламалық құралының қол жетімді ең соңғы нұсқаға жаңартылғанын тексеріңіз. Енгізілген бағдарламалық құрал жаңартылмаса, [MFP микробағдарламасын жаңарту және драйверді жүктеу 4-бетте](#) бөлімін қараңыз.
2. MFP құралын өшіріп, қайта қосыңыз.
3. Басты экранда [Басқару](#) түймесіне жылжып, оны түртіңіз.
4. Мына мәзірлерді ашыңыз:
  - [Факс параметрлері](#)
  - [Факс жіберу параметрлері](#)
  - [Факс жіберу параметрлерін орнату \(Настройка отправки факсов\)](#)
  - [Жалпы факс жіберу параметрлері](#)
5. [Компьютер арқылы факс жіберу](#) параметрін түртіңіз.



**ЕСКЕРІМ:** MFP мәзірінде [Компьютер арқылы факс жіберу](#) параметрі пайда болмаса, MFP енгізілген бағдарламалық құралын жаңартыңыз.

6. [Сақтау](#) түймешігін түртіңіз.

**PC FAX SEND** немесе **PC Fax Send** тармағы MFP басқару тақтасында әлі де пайда болмаса, аналогтық факс жабдығының дұрыс теңшелгенін қамтамасыз ету үшін *HP LaserJet MFP аналогтық факс жабдығы 500 факс нұсқаулығын* қараңыз.

Аналогтық факс жабдығы дұрыс теңшелсе және **PC FAX SEND** немесе **PC Fax Send** тармағы MFP басқару құралында әлі де пайда болмаса, HP тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

## Нүктелік кескін мұқаба бетте көрсетілмейді немесе басып шығарылмайды

Нүктелік кескін файлы тым үлкен болса, нүктелік кескін файлы мұқаба бетінде пайда болмайды немесе басып шығарылмайды. Компьютер өнімділігі айтарлықтай төмендесе, факс кескінін көрсету процесі кескінді мұқаба бетінде көрсетуді орындамайды. Мұқаба бетіне қосу үшін нүктелік кескіннің өлшемін кішірейтіңіз.

## Алдын ала қарау көрсетілмейді


Факс тапсырмасының алдын ала қарау көрінісін көру үшін **Орнату** қойындысындағы **Факс жіберместен бұрын алдын ала қарау терезесін көрсету** параметрін таңдаңыз.

## Мүмкіндікті ажыратудан кейін шот ұсыну коды қажет

MFP құралында төлем коды мүмкіндігі ажыратылғаннан кейін **Факс тапсырмасы** қойындысында **Төлем коды** мәтін ұясында төлем коды талап етіледі.

Төлем коды мәтін ұясы **Факс тапсырмасы** қойындысында пайда *болмауы* үшін драйверді жаңартыңыз:

1. **Пуск (Бастау), Настройки (Параметрлер)** түймелерін, одан кейін **Принтеры и факсы (Принтерлер мен факстар)** түймесін басыңыз.
2. **Принтеры и факсы (Принтерлер мен факстар)** терезесіндегі **Printer Tasks (Принтер тапсырмалары)** астында MFP құралының атауын тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Свойства (Сипаттар)** параметрін таңдаңыз.
3. **HP MFP Send Fax сипаттары** тілқатысу терезесінде **Құрылғы параметрлері** түймесін басыңыз.
4. **Автоматты түрде теңшеу:** ашылмалы мәзірінен **Қазір жаңарту** параметрін таңдаңыз.



5. **OK** түймесін басыңыз.

## Шот ұсыну кодының мәтіндік ұясы көрсетілмейді

MFP Send Fax драйвері орнатылғанда төлем коды мүмкіндігі MFP құралында ажыратылса, **Төлем коды** мәтін ұясы **Факс тапсырмасы** қойындысында пайда болмайды.

Төлем кодтарын қосыңыз және **Төлем коды** мәтін ұясын **Факс тапсырмасы** қойындысында қол жетімді етіңіз:

1. Басты экранда **Басқару** түймесіне жылжып, оны түртіңіз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
  - **Факс параметрлері**
  - **Факс жіберу параметрлері**
  - **Факс жіберу параметрлерін орнату (Настройка отправки факсов)**
  - **Төлем кодтары**
3. Төлем кодтарын қосу үшін **Төлем кодтарын қосу** мүмкіндігін түртіңіз.



**ЕСКЕРІМ:** Төлем кодтарын өшіру үшін **Төлем кодтарын қосу** мүмкіндігін таңдауды болдырмаңыз, **Сақтау** түймесін түртіңіз, содан кейін қалған қадамдарды өткізіп жіберіңіз.

Пайдаланушыларға төлем кодтарын өңдеуге мүмкіндік беру үшін **Пайдаланушыларға төлем кодтарын өңдеуге рұқсат ету** мүмкіндігін таңдаңыз.

4. Пернетақтаны ашу үшін **Әдепкі төлем коды** мәтін жолағын түртіңіз.
5. Төлем кодын енгізіп, **ОК** түймесін түртіңіз.
6. Пернетақтаны ашу үшін **Ең аз ұзындық** мәтін жолағын түртіңіз.
7. Төлем кодында болуы керек ең аз цифрлар санын теріңіз де, **ОК** түймесін түртіңіз.
8. **Сақтау** түймешігін түртіңіз.

## Әдепкі өрістер жаңартылмайды


**Орнату** қойындысындағы жіберуші мәліметтерінің өрістеріндегі мәліметтер **Әдепкі параметрлер** тілқатысу терезесіндегі жіберуші мәліметтері өрістеріне жіберуші мәліметтері *бірінші рет* енгізілгенде жаңартылады. Әдепкі жіберуші мәліметтері кейінірек өзгертілсе, **Орнату** қойындысындағы жіберуші мәліметтерінің өрістері *жаңартылмайды*. Өзгертулер сақталады, бірақ мәліметтер тілқатысу терезесінде пайда болмайды. Жаңа мәліметтерді көрсету үшін MFP Send Fax драйверінен шығып, драйверді қайта іске қосыңыз.

## Өзгертілген параметрлер күшіне енбейді

Орнату кезінде MFP Send Fax драйвері MFP факс теңшелімінің мәліметтерін алады. Драйвер орнатылғаннан кейін MFP параметрлері өзгертілсе, драйверді MFP параметрлерімен үндестіру үшін **Қазір жаңарту** мүмкіндігін пайдалану арқылы жаңартуды қолмен аяқтаңыз. Әдетте драйверді жабу және қайта ашу бұл процесті автоматты түрде аяқтайды.

Драйверді MFP параметрлерімен **Қазір жаңарту** параметрін пайдаланып үндестіріңіз:


1. Пуск (Бастау), Настройки (Параметрлер) түймелерін, одан кейін Принтеры и факсы (Принтерлер мен факстар) түймесін басыңыз.
2. Принтеры и факсы (Принтерлер мен факстар) терезесіндегі **Printer Tasks (Принтер тапсырмалары)** астында MFP құралының атауын тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Properties (Сипаттар)** параметрін таңдаңыз.
3. **HP MFP Send Fax** сипаттары тілқатысу терезесінде **Құрылғы параметрлері** түймесін басыңыз.
4. **Автоматты түрде теңшеу:** ашылмалы мәзірінен **Қазір жаңарту** параметрін таңдаңыз.



5. **OK** түймесін басыңыз.

## Point-and-Print орнатымында өзгертілген параметрлер күшіне енбейді

Point-and-Print орнатымын пайдалансаңыз, хабарландыруды, төлем кодын, төлем кодының ұзындығын және факс қосылған мүмкіндіктерді **Қазір жаңарту** мүмкіндігін пайдалану арқылы жаңарту мүмкін емес. Бұл параметрлерді Point-and-Print орнатымында күшіне енетін ету үшін, Send Fax принтерін жойып, принтерді қайта орнатыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Point-and-Print қосылымын пайдаланғанда факсты алдын ала қарау функциясы қол жетімді болмайды.

## Ескерту хабарлары

HP MFP Send Fax драйверін пайдаланғанда келесі ескерту хабарлары пайда болуы мүмкін.

### Компьютер факсы мүмкіндігі **MFP** ескертуінде ажыратылуы мүмкін

Драйвер порты өзгертілсе, **Компьютер факсы мүмкіндігі MFP** құралында ажыратылған болуы мүмкін ескертуі пайда болады.

Теңшелім параметрлерін жаңарту:

1. **MFP Send Fax** ескертуі хабар жолағында **OK** түймесін басыңыз.



2. MFP енгізілген бағдарламалық құралының қол жетімді ең соңғы нұсқаға жаңартылғанын тексеріңіз. [MFP құралының MFP Send Fax драйверін қолдайтындығын анықтау 4-бетте](#) бөлімін қараңыз.
3. PC FAX SEND немесе PC Fax Send мүмкіндігінің MFP құралында қосылғанын тексеріңіз. [HP MFP факс жіберу драйверін жою 29-бетте](#) бөлімін қараңыз.

## Қате туралы хабарлар

Факстың жіберілуіне немесе қабылдануына кедергі келтіретін факс проблемасы орын алса, проблеманың себебін анықтауға көмектесетін қате туралы хабар жасалады. Хабарлар тізімі мен олардың себебі/шешімі міне.

### Кесте 4-1 Қате туралы хабарлар

#### Кемінде бір факс нөмірі қажет

Себеп	Шешім
Факс тапсырмасы қойындысындағы Факс нөмірі мәтін ұясына факс нөмірі терілмеген.	Факс тапсырмасы қойындысындағы Факс нөмірі мәтін ұясына факс нөмірін теріңіз.

#### Қажетті мәліметтер жоқ: Төлем кодтары

Себеп	Шешім
Төлем коды Факс тапсырмасы қойындысындағы Төлем коды мәтін ұясына терілмеген. Бұл қате тек төлем коды мүмкіндігі қосылғанда орын алады.	Төлем кодын Факс тапсырмасы қойындысындағы Төлем коды мәтін ұясына теріңіз.

#### Төлем коды кемінде «п» саннан тұруы тиіс

Себеп	Шешім
MFR құралында төлем коды сандардың көрсетілген санын қамтитын етіп теңшелген. Бұл қате төлем коды мүмкіндігі қосылғанда және Факс тапсырмасы қойындысындағы Төлем коды мәтін ұясында төлем коды сандардың дұрыс санын қамтымаса орын алады.	Факс тапсырмасы қойындысындағы Төлем коды мәтін ұясына енгізілген төлем кодын тексеріңіз. Сандардың көрсетілген санын қамтитын төлем кодын теріңіз.

#### Қажетті мәліметтер жоқ: Электрондық пошта мекенжайы

Себеп	Шешім
Электрондық пошта хабарландыруы параметрі таңдалғанда, Орнату қойындысындағы Электрондық пошта мекенжайы мәтін ұясына электрондық пошта мекенжайы енгізілмеген.	Электрондық пошта мекенжайын Орнату қойындысындағы Электрондық пошта мекенжайы мәтін ұясына теріңіз.

#### Файлды табу мүмкін емес

Себеп	Шешім
Факс Факс тапсырмасы қойындысындағы немесе Орнату қойындысындағы Сурет мәтін ұясында көрсетілген жарамсыз жолмен жіберілген .	Факс тапсырмасы қойындысындағы немесе Орнату қойындысындағы Сурет мәтін ұясында суретке жарамды жолды теріңіз.

#### Кесте 4-1 Қате туралы хабарлар (жалғасы)

##### Файлды табу мүмкін емес

Себеп	Шешім
Факс <b>Факс тапсырмасы</b> қойындысындағы немесе <b>Орнату</b> қойындысындағы <b>Сурет</b> мәтін ұясында көрсетілген жоқ сурет файлына жолмен жіберілген.	<b>Факс тапсырмасы</b> қойындысындағы немесе <b>Орнату</b> қойындысындағы <b>Сурет</b> мәтін ұясында суретке жарамды жолды теріңіз.
Факс <b>Факс тапсырмасы</b> қойындысындағы немесе <b>Орнату</b> қойындысындағы <b>Сурет</b> мәтін ұясында көрсетілген жарамсыз файл түріне жолмен жіберілген.	<b>Факс тапсырмасы</b> қойындысындағы немесе <b>Орнату</b> қойындысындағы <b>Сурет</b> мәтін ұясында нүктелік кескінге жарамды жолды теріңіз.

##### Электрондық пошта мекенжайы анықталған пішімде емес. Оны әлі де пайдаланғыңыз келеді ме?

Себеп	Шешім
<b>Орнату</b> қойындысының <b>Электрондық пошта мекенжайы</b> мәтін ұясындағы электрондық пошта мекенжайы жарамды электрондық пошта мекенжайы емес.	Электрондық поштаны көрсетілген мекенжайға жіберу үшін <b>Иә</b> түймесін басыңыз.  Электрондық пошта мекенжайын өзгерту мақсатында <b>Орнату</b> қойындысына оралу үшін <b>Жоқ</b> түймесін басыңыз.

##### Жазбалардың ең көп санына жетті

Себеп	Шешім
<b>Факс алушылары</b> тізімі факс алушыларының ең көп санын қамтиды.	Факс нөмірлерінің ең көп саны енгізілді. Бөлек факс тапсырмасын пайдалану арқылы факсті барлық қалған алушыларға жіберіңіз.
<b>Факс алушылары</b> тізімі 100 жазбаға шектелген.	
Телефон кітабында жазбалардың ең көп саны бар.	Телефон кітабынан жазбаларды жойыңыз.
Телефон кітабы 10,000 жазбаға шектелген.	

##### Топтағы жазбалар ең көп санына жетті

Себеп	Шешім
Топ жазбаларының ең көп санынан асты.	Жазбаларды топтан жойыңыз.

##### Топ жазбаларының ең көп санына жетті

Себеп	Шешім
Топ жазбалардың ең көп санын қамтиды.	Жазбаларды топтан жойыңыз.



#### Деректер жарамсыз

Себеп	Шешім
Файл түрі немесе файл пішімі дұрыс емес.	Файл .CSV файлы болуы тиіс.

#### Ең аз міндетті өрістер үшін салыстыру көрсетілмеген

Себеп	Шешім
Ат және телефон нөмірі өрістері (ең аз) арасындағы салыстыру .CSV файлына салыстырылмаған.	Файлды қайтадан импорттаңыз. <b>Салыстыру</b> тілқатысу терезесінде дұрыс салыстырылмаған өрістер үшін дұрыс салыстыруды таңдаңыз.

#### Қайталанатын топ атауы көрсетілген

Себеп	Шешім
Бірдей топ атауы бар.	Жаңа бірегей топ атауын енгізіңіз.

#### Экспорттау қатесі

Себеп	Шешім
Файлға жазу қатесінің немесе дискідегі жеткіліксіз бос орынның нәтижесінде телефон кітабын экспорттау мүмкін болмады.	Телефон кітабы сақталатын орынның жазудан қорғалмағанын және дискіде бос орын бар екендігін тексеріңіз.

#### Импорттау қатесі

Себеп	Шешім
Телефон кітабын импорттау мүмкін болмады, себебі жарамды жазбалар барлық өрістер үшін табылмады немесе қайталанатын жазбалар бар.	Бастапқы .CSV файлының зақымданбағанын және дұрыс ұйымдастырылғанын тексеріңіз. Импорттаудан бұрын қайталанатын жазбаларды жойыңыз.



# Индекс

## Таңбалар/Сандар

«Факс тапсырмасы» қойындысы шот ұсыну кодының мәтіндік ұясын қосу 77

## А

абайлаңыз 2  
ақаулықтарды жою 73  
алдын ала қарау параметрі теңшеу 68  
амалдық жүйелер қолдау көрсетілетін 3  
арнайы таңбалар факс нөмірін кірістіру 45

## Ә

әдепкі өрістер жаңарту 78

## Б

басқару тақтасы PC FAX SEND көрсетілмейді 75  
болдырмау факс тапсырмасы 44  
бір алушы факс жіберу 32  
бірнеше факс алушысы факс жіберу 36

## Д

дауыстық қоңыраулар және қайталаулар 58  
драйверді жүктеу 4

## Е

ескерту  
Компьютер факсы мүмкіндігі ажыратылған 80  
ескертулер 2  
ескерту хабарлары 2, 80

## Ж

жабдық қолдау көрсетілетін 3  
жаңарту әдепкі өрістер 78  
желілік талаптар 3  
жою MFP факс жіберу драйвері 29  
жүйелік талаптар 3  
жіберуші туралы ақпарат теңшеу 60

## К

кеңестер 2  
контакт мәліметтері телефон кітабын «Факс тапсырмасы» қойындысында өңдеу 46  
телефон кітабына «Реттеу» қойындысынан қосу 46  
телефон кітабына «Реттеу» қойындысын пайдаланып импорттау 56  
телефон кітабына «Факс тапсырмасы» қойындысынан қосу 46  
телефон кітабына «Факс тапсырмасы» қойындысын пайдаланып импорттау 56  
телефон кітабынан «Реттеу» қойындысын пайдаланып экспорттау 55  
телефон кітабынан «Факс тапсырмасы» қойындысын пайдаланып экспорттау 55  
телефон кітабынан жою 48

телефон кітабында «Реттеу» қойындысынан өңдеу 51  
телефон кітабында «Факс тапсырмасы» қойындысынан өңдеу 51

## Қ

қателер HP MFP факс жіберу драйвері 74  
қате туралы хабарлар 81  
қолдау көрсетілетін амалдық жүйелер 3  
қолдау көрсетілетін дисплейлер 3  
қолдау көрсетілетін жабдық 3  
құжаттық шартты белгілер 2

## М

мәселелерді шешу 73  
микробағдарламаны жаңарту 4  
мұқаба бет нүктелік кескін жоқ 76  
мұқаба беттің ақпараты теңшеу 66

## Н

нүктелік кескін мұқаба бетте жоқ 76

## О

орнату MFP факс жіберу драйвері 7

## П

параметрлерді жаңарту 78  
параметрлерді қолмен жаңарту 78  
принтер параметрі теңшеу 69

## Т

тапсырманы алдын ала қарау жасырылған 76  
тексеру беті басып шығару 16  
басып шығарылмайды 74  
телефон кітабы жазбаларды CSV файлынан импорттау 56

жазбаларды CSV файлына экспорттау 55  
контакт мәліметтерін «Реттеу» қойындысынан қосу 46  
контакт мәліметтерін «Реттеу» қойындысынан өңдеу 51  
контакт мәліметтерін «Реттеу» қойындысынан экспорттау 55, 56  
контакт мәліметтерін «Факс тапсырмасы» қойындысынан қосу 46  
контакт мәліметтерін «Факс тапсырмасы» қойындысынан өңдеу 51  
контакт мәліметтерін «Факс тапсырмасы» қойындысынан экспорттау 55, 56  
Контакт мәліметтерін «Факс тапсырмасы» қойындысында өңдеу 46  
контакт мәліметтерін жою 48  
контакт мәліметтерін өңдеу 51  
факс жіберу 40  
теңшеу  
MFP факс жіберу драйвері 1, 59  
MFP факс жіберу драйверінің әдепкі параметрлері 59  
алдын ала қарау параметрі 68  
жіберуші туралы ақпарат 60  
мұқаба беттің ақпараты 66  
принтер параметрі 69  
факстың сапасы 62  
хабарландыру параметрлері 64  
шот ұсыну кодтары 6, 71  
электрондық пошта 6

**Ү**  
Үтірмен бөлінген мәндер (CSV) файлы  
телефон кітабының жазбаларын мынаған экспорттау 55, 56

**Ф**  
факс 31  
бір алушыға жіберу 32  
бірнеше алушыға жіберу 36  
нөмірде арнайы таңбаларды пайдалану 45  
сапаны теңшеу 62  
тапсырманы алдын ала қарау жасырылған 76  
телефон кітабы арқылы жіберу 40

**Х**  
хабарландыру параметрлері теңшеу 64

**Ш**  
шартты белгілер, құжат 2  
шот ұсыну кодтары «Факс тапсырмасы» қойындысында мәтіндік ұяны қосу 77  
ажырату 76  
қосу 76  
теңшеу 6, 71

**Э**  
электрондық пошта растауы алынбады 75  
теңшеу 6  
хабарландыруы ажыратылған 74

**D**  
displays supported 3

**Н**  
HP MFP факс жіберу драйвері ескерту хабарлары 80  
қателер 74  
қате туралы хабарлар 81

**М**  
MFP факс жіберу драйвері PC FAX SEND басқару тақтасында көрсетілмейді 75  
ақаулықтарды жою 73  
драйверді жүктеу 4  
жою 29  
мәселелерді шешу 73  
микробағдарламаны жаңарту 4  
орнату туралы нұсқаулар 4, 7  
теңшеу 1, 59

**P**  
Point-and-Print орнатымы факсты қолдайтын мүмкіндіктер 79  
хабарландыру параметрлерін жаңарту 79  
шот ұсыну кодтарын жаңарту 79  
шот ұсыну кодының ұзындығын жаңарту 79



